

Қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалануға құқығы бар субъектілердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 қазандағы № 798 қаулысы.

"Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.10.2024 № 820 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалануға құқығы бар субъектілердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 24 қазандағы
№ 798 қаулысымен
бекітілген

Қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалануға құқығы бар субъектілердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.10.2024 № 820 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі.
2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті.
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі.
5. Қазақстан Республикасының Экономикалық тергеу қызметі.
6. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.
7. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы.
8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі.
9. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен әскери бөлімдері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қару мен әскери техниканы пайдалануға құқылы субъектілерді айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 шілдедегі № 1006 қаулысы.
2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 шілдедегі № 1006 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 желтоқсандағы № 1804 қаулысы.
3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 шілдедегі № 1006 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 қарашадағы № 1503 қаулысы.
4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 шілдедегі № 1006 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 қазандағы № 1138 қаулысы.
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы № 100 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 2004 ж., № 4, 56-құжат).
6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 шілдедегі № 1006 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі № 996 қаулысы.
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы № 38 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 2006 ж., № 4, 32-құжат).
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 сәуірдегі № 340 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 15, 148-құжат).
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 585 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 20, 189-құжат).
10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 тамыздағы № 900 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне

енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 51, 695-құжат).

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 қазандағы № 1098 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 64, 585-құжат).

12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қазандағы № 628 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдері мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 51, 333-құжат).